

**8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесіне іздену үшін дайындалған**

**Курмангалиева Лязат Акбергеновнаның «Қазақстан Республикасы
халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және реттеу басымдықтары»
тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
жазбаша пікірі**

| р/н № | Өлшемшартта р | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|----------|--|---|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) <u>диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u></p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен</p> | <p>Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарымен және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік стратегиялық құжаттармен тікелей байланысты.</p> <p>Диссертациялық жұмыста қарастырылған еңбек табыстары мәселесі қазіргі кезеңде халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, әлеуметтік теңсіздікті төмендету және еңбек нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету міндеттерімен сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі №218 қаулысымен бекітілген «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасының» негізгі басымдықтарымен үйлеседі, себебі онда еңбек табыстарының осуі халықтың әл-ауқатын жақсартудың негізгі тетігі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар диссертация мазмұны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 қарашадағы №1050 қаулысымен бекітілген «Қазақстан</p> |

| | | | |
|----|------------------------|--|--|
| | | <p>ҒЫЛЫМ дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p> | <p>Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» белгіленген еңбек өнімділігін арттыру, жұмыспен қамтудың сапасын жақсарту және еңбек қатынастарын жетілдіру бағыттарымен өзара байланысты.</p> |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | <p>Жұмыс елеулі ғылымға үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p> | <p>Зерттеу еңбек табыстары мәселесін әлеуметтік стратификация, табыс теңсіздігі және еңбек нарығының институционалдық өзгерістерімен байланыстыра отырып қарастыру арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы еңбек табыстарының экономикалық өсім мен халықтың өмір сапасына ықпалын кешенді бағалауымен ашылған. Автор еңбек табыстарының мазмұнын тек жалдамалы жұмыскерлердің еңбекақысымен шектемей, оны өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың, жеке кәсіпкерлердің және аралас табыс алатын экономикалық субъектілердің кірістерімен өзара байланыста қарастырады. Жұмыстың маңыздылығы еңбек табыстарының құрылымы, саралануы және оларды мемлекеттік реттеу тетіктері арасындағы байланыстарды жүйелі түрде талдау арқылы ашылған. Диссертацияда ұсынылған ғылыми тәсілдер мен қорытындылар еңбек табыстарын бағалау саласындағы теориялық және әдіснамалық негіздерді толықтырады. Зерттеу нәтижелері еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған</p> |

| | | | |
|----|----------------------|---|--|
| | | | жаңа ғылыми көзқарастарды қалыптастырады және осы бағыттағы кейінгі ғылыми зерттеулер үшін теориялық негіз ретінде қолданылуы мүмкін. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. | Диссертациялық жұмыста автордың ғылыми мәселені дербес зерделеу қабілеті анық байқалады. Теориялық тұжырымдарды жүйелеу, еңбек табыстарының мазмұнын кеңейтілген тұрғыдан қарастыру және олардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы рөлін бағалау барысында автордың өзіндік ғылыми көзқарасы қалыптасқан. Жұмыстың аналитикалық бөлімдерінде ресми статистикалық деректерді өңдеу, олардың негізінде үрдістерді анықтау және болжамдық бағалаулар жасау автордың зерттеу жүргізудегі дербестігін көрсетеді. Ұсынылған ғылыми нәтижелер мен практикалық ұсынымдардың мазмұны зерттеудің өзіндік орындалғанын және автордың өзі жазу деңгейінің жоғары екенін айқындайды. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. | Диссертацияның өзектілігі қазіргі кезеңдегі еңбек табыстарының халықтың өмір сүру деңгейіне, әлеуметтік теңгерімге және экономикалық тұрақтылыққа тікелей ықпал етуімен негізделген. Қазіргі жағдайда еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер, инфляциялық үдерістер және табыстар дифференциациясының күшеюі еңбек табыстарын бағалау мен оларды мемлекеттік реттеу мәселелерінің ғылыми және |

| | | | |
|--|--|---|--|
| | | | <p>практикалық маңызын арттырып отыр.</p> <p>Зерттеуде халықтың еңбек табыстарының өзгеру үрдістерін, олардың қалыптасуына әсер ететін факторларды және қолданыстағы реттеу тетіктерінің тиімділігін талдау қажеттілігі жан-жақты ашылған. Осы тұрғыдан диссертация тақырыбының өзектілігі толық негізделген және қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму талаптарына сәйкес келеді.</p> |
| | | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. | <p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Жұмыста халықтың еңбек табыстарының теориялық негіздері, оларды бағалаудың әдіснамалық тәсілдері, қазіргі даму үрдістері мен дифференциация факторлары жүйелі түрде қарастырылған. Зерттеу құрылымы тақырыптың негізгі мазмұндық бағыттарын бірізді қамтып, оның мәнін терең ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар диссертацияда еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің қолданыстағы тетіктері талданып, оларды жетілдіру бағыттары мен болжамдық параметрлері ұсынылған. Бұл зерттеу мазмұнының қойылған тақырыпқа толық сәйкес келетінін және оны жан-жақты айқындайды.</p> |
| | | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; | <p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты халықтың еңбек табыстарының өзгеру үрдістерін кешенді бағалау және оларды мемлекеттік реттеудің басым бағыттарын негіздеу ретінде айқындалған. Белгіленген мақсат зерттеу тақырыбының мазмұнымен сәйкес келеді және оның негізгі</p> |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | <p>3) сәйкес келмейді.</p> | <p>ғылыми бағытын нақты көрсетеді. Қойылған міндеттер теориялық негіздерді жүйелеуді, еңбек табыстарының даму факторларын талдауды, олардың саралану ерекшеліктерін бағалауды және мемлекеттік реттеу тиімділігін анықтауды қамтиды. Міндеттердің құрылымы зерттеу логикасына сәйкес келеді және диссертация барысында толық шешімін тапқан.</p> |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p> | <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі ережелері өзара толық байланысқан және зерттеудің жалпы логикасына сәйкес құрылған. Теориялық бөлімде қарастырылған ғылыми тұжырымдар мен әдіснамалық негіздер кейінгі талдамалық бөлімдерде нақты статистикалық деректер арқылы жалғасын тауып, зерттеу нәтижелерінің тұтастығын қамтамасыз етеді. Жекелеген талдамалық материалдардың орналасуы бойынша ұсыныстық тұстар болғанымен, бұл диссертацияның ішкі логикалық байланысына әсер етпейді және оның тұтастығын сақтайды.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа</p> | <p>Диссертацияда автор ұсынған жаңа шешімдер мен әдістер жеткілікті дәрежеде дәлелденіп, қолданыстағы ғылыми және әдіснамалық тәсілдермен салыстырылып бағаланған. Зерттеу барысында халықтың еңбек табыстарын бағалау мен мемлекеттік реттеу мәселелеріне қатысты отандық және шетелдік ғылыми көзқарастарға сыни талдау жүргізіліп, олардың артықшылықтары мен шектеулері</p> |

| | | | |
|----|----------------------------|--|--|
| | | <p>авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p> | <p>айқындалған. Автор осы талдау негізінде еңбек табыстарын реттеудің интеграцияланған моделін, медианалық еңбек табысын бағалау тәсілін және әлеуметтік әсерді жедел бағалау құралын ұсынған. Ұсынылған шешімдер бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстырылып, олардың қолданбалы тиімділігі мен ғылыми негізділігі дәлелденген, бұл жұмыста сыни талдаудың бар екенін көрсетеді.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> | <p>Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қорғауға шығарылған ережелер толығымен жаңа деп бағаланады. Автор еңбек өнімділігі мен инфляциялық өзгерістерді ескеретін ең төменгі жалақыны индекстеудің интеграцияланған моделін әзірлеген, барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын бағалаудың жаңа тәсілін ұсынған және реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарын жедел бағалау әдісін негіздеген. Бұл нәтижелер еңбек табыстарын бағалау мен реттеу саласындағы ғылыми көзқарастарды толықтырып қаңа қоймай, жаңа ғылыми ережелер ретінде қалыптастырылған.</p> <p>диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады және автор жүргізген кешенді ғылыми зерттеудің нәтижесінде қалыптастырылған. Жұмыста халықтың еңбек табыстарының қалыптасуы мен өзгеру үрдістері, олардың саралану ерекшеліктері және мемлекеттік реттеу тиімділігі</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------------|--|--|
| | | | <p>арасындағы өзара байланыстар терең талданып, осының негізінде жаңа ғылыми тұжырымдар жасалған. Автор ұсынған қорытындылар еңбек табыстарын бағалау мен реттеу мәселелерін жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Қалыптастырылған тұжырымдар еңбек табыстарының құрылымдық өзгерістерін, әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпалын және оларды жетілдіру бағыттарын жүйелі түрде негіздеп, ғылыми білімді жаңа мазмұнмен толықтырады.</p> |
| | | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> | <p>Диссертацияда ұсынылған экономикалық және басқарушылық шешімдер толығымен жаңа және ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұсынылған ең төменгі жалақыны реттеудің интеграцияланған моделі, барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын реттеушілік бағдар ретінде пайдалану тәсілі және ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарды бағалау құралы еңбек табыстарын реттеудің қолданыстағы тетіктерін жетілдіруге бағытталған жаңа экономикалық және басқарушылық шешімдер болып табылады. Бұл шешімдердің негізділігі жүргізілген талдау нәтижелерімен және алынған ғылыми қорытындылармен расталған.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделме | Диссертацияда ұсынылған негізгі қорытындылар халықтың еңбек табыстарының қалыптасуы, құрылымы және саралану ерекшеліктері бойынша жүргізілген кешенді талдау нәтижесінде |

| | | | |
|----|--------------------------------------|---|---|
| | | ген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | қалыптасқан және ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу барысында ресми статистикалық деректер, халықаралық ұйымдардың әдіснамалық ұсынымдары және ғылыми әдебиеттер жүйелі түрде пайдаланылып, алынған нәтижелердің сенімділігі қамтамасыз етілген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> | <p>1-ереже. Еңбек өнімділігіндегі салааралық алшақтықтарды және инфляциялық өзгерістерді ескере отырып, ең төменгі жалақы мөлшерін индекстеу диапазоны шегінде жыл сайын жаңартуға мүмкіндік беретін интеграцияланған моделі.</p> <p>7.1 Дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>.</p> <p>2-ереже. Жалдамалы жұмыскерлердің, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың және жеке кәсіпкерлердің табыс құрылымындағы еңбек компонентін бірдей ескеруге мүмкіндік беретін барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын статистикалық және реттеушілік бағдар ретінде пайдалану ұсынысы.</p> <p>7.1 Дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> |

| | | |
|--|---|---|
| | <p>2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> | <p>2) <u>жоқ</u>; 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 7.4 Қолдану деңгейі 3) <u>кең</u>; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>. 3-ереже. Ең төменгі жалақы бойынша қабылданатын реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарын жедел бағалауға арналған әлеуметтік экспресс-бағалау әдісі. 7.1 Дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 7.2 Тривиалды ма? 2) <u>жоқ</u>; 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 7.4 Қолдану деңгейі 3) <u>кең</u>; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>. 4-ереже. 2026–2031 жылдарға арналған халықтың еңбек табыстарының болжамдық параметрлері сценарийлік болжауы. 7.1 Дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 7.2 Тривиалды ма? 2) <u>жоқ</u>; 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 7.4 Қолдану деңгейі 3) <u>кең</u>; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>. Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және жүргізілген</p> |
|--|---|---|

| | | | |
|----|---|--|--|
| | | | ғылыми талдау нәтижелерімен жеткілікті дәрежеде дәлелденген. Ұсынылған ережелер тривиалды емес, ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді және оларды қолдану деңгейі кең ауқымды қамтиды. Сонымен қатар диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері автордың жарияланған мақалаларында көрініс тауып, ғылыми ортада апробацияланған |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ. | Диссертацияда зерттеу әдіснамасын таңдау зерттеу объектісінің ерекшеліктеріне, қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұнына сәйкес негізделген. Автор халықтың еңбек табыстарын бағалау және оларды мемлекеттік реттеу мәселелерін зерттеу барысында теориялық жалпылау, салыстырмалы талдау, статистикалық бағалау және болжамдық модельдеу әдістерін үйлесімді қолданған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ. | Диссертация жұмысының нәтижелері халықтың еңбек табыстарының 2010–2024 жылдар аралығындағы динамикасын талдау, өңірлік және салалық саралануын бағалау, медианалық еңбек табысын есептеу және 2026–2031 жылдарға арналған сценарийлік болжам параметрлерін қалыптастыру барысында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Зерттеу шеңберінде статистикалық деректерді өңдеудің заманауи әдістері, индекстік есептеулер, құрылымдық талдау және болжамдық модельдеу тәсілдері пайдаланылып, олардың нәтижелері ғылыми тұрғыдан |

| | | |
|-----|--|---|
| | | интерпретацияланған. |
| 8.3 | Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ. | Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар мен әзірленген модельдер халықтың еңбек табыстарының динамикасы, құрылымдық өзгерістері және олардың мемлекеттік реттеу тетіктерімен өзара байланысын сипаттайтын эмпирикалық деректер негізінде дәлелденген және расталған. Автор анықтаған заңдылықтар еңбек өнімділігі, инфляциялық өзгерістер, ең төменгі жалақы деңгейі және медианалық еңбек табысы арасындағы байланыстарды талдау арқылы негізделіп, жүргізілген есептеулермен сценарийлік болжам нәтижелерімен расталған. |
| 8.4 | Маңызды мәлімдемелер <u>нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған. | Диссертациядағы негізгі ғылыми пайымдаулар халықаралық еңбек ұйымының, Дүниежүзілік банктің және ұлттық статистикалық дереккөздердің мәліметтерімен, сондай-ақ заманауи ғылыми зерттеулермен расталған. Әсіресе еңбек табыстарының қалыптасуы, олардың саралануы және мемлекеттік реттеу тетіктерінің тиімділігіне қатысты негізгі мәлімдемелер сенімді ғылыми әдебиеттер негізінде дәйектеліп, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін нығайтады. |
| 8.5 | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз.</u> | Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының теориялық, әдіснамалық және қолданбалы аспектілерін жан-жақты ашуға жеткілікті. Әдеби шолу зерттеу |

| | | | |
|---|-------------------------------|---|--|
| | | | мәселесінің тарихи эволюциясын, қазіргі теориялық көзқарастарын және қолданбалы аспектілерін қамтуға жеткілікті көлемде қалыптастырылған. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) <u>жоқ</u> . | Диссертацияның теориялық маңызы халықтың еңбек табыстарын бағалау мен оларды мемлекеттік реттеу мәселелерін кешенді қарастыру арқылы еңбек экономикасы саласындағы ғылыми түсініктерді дамытуымен айқындалады. Зерттеу нәтижелері еңбек табыстарының құрылымдық ерекшеліктерін, олардың саралану заңдылықтарын және реттеу тетіктерінің өзара байланысын жүйелеуге мүмкіндік беріп, осы бағыттағы ғылыми зерттеулердің теориялық базасын толықтырады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> . | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері еңбек саясатын қалыптастыру, табыстар теңсіздігін төмендету және ең төменгі жалақыны айқындау тетіктерін қайта қарау барысында стратегиялық шешімдер қабылдауға қолданылуы мүмкін. Ұсынылған модельдер мен бағалау тәсілдері әлеуметтік саясатты іске асыратын мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесінде практикалық мәнге ие. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) <u>жаңа емес (жаңасы</u> | Диссертацияда әзірленген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, өйткені олар халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің қолданыстағы тетіктерін жетілдіруге бағытталған |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|--|
| | | 25%-дан кем). | нақты құралдар ретінде ұсынылған. Атап айтқанда, ең төменгі жалақы мөлшерін индекстеудің жаңартылған тәсілі, медианалық еңбек табысын реттеушілік бағдар ретінде енгізу және ықтимал әлеуметтік-экономикалық әсерлерді жедел бағалау тетігі тәжірибелік деңгейде қолдануға бағытталған жаңа шешімдер ретінде негізделген. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Диссертация академиялық жазу талаптарына сәйкес жоғары деңгейде орындалған. Жұмыстың құрылымы жүйелі сақталған, ғылыми стиль бірізді қолданылған, негізгі тұжырымдар мен нәтижелер мазмұндық тұрғыдан нақты және дәйекті берілген. Теориялық және талдамалық материалдардың өзара байланысы сақталып, зерттеу логикасы тұтас түрде көрініс тапқан. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми деңгейі жоғары болғанымен, жекелеген тұстар бойынша бірқатар ескертулерді атап өткен жөн. Біріншіден, диссертацияның теориялық бөлімінде еңбек табыстарының мәні мен ғылыми көзқарастары кең көлемде қарастырылған. Теориялық негіздердің жан-жақты ашылуы зерттеудің ғылыми сапасын арттырғанымен, жекелеген бөлімдерде материалдың көлемі біршама ауқымды берілген. Кейбір теориялық тұжырымдарды ықшамдау зерттеудің қолданбалы бөлігінің салмағын күшейте түсер еді. Екіншіден, жұмыста халықтың еңбек табыстарын реттеудің |

| | | | |
|-----|---|--|--|
| | | | <p>нормативтік-құқықтық негіздері жалпы деңгейде қамтылған. Сонымен қатар зерттеу аясында еңбек табыстарын қалыптастыру мен реттеуге ықпал ететін салалық және нақты құқықтық механизмдерді (еңбекке ақы төлеу, әлеуметтік қорғау, салықтық ынталандыру тетіктері) тереңірек талдау диссертацияның институционалдық негізін толықтыра түсер еді.</p> <p>Үшіншіден, диссертацияның үшінші бөлімінде келтірілген жекелеген талдамалық материалдар мазмұны жағынан екінші бөлімнің логикалық жалғасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл құрылымдық тұрғыдан үшінші бөлімде ұсынылатын практикалық ұсынымдар мен реттеу тетіктерін кеңірек ашуға қосымша мүмкіндік берер еді. Әсіресе мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша нақты ұсынымдардың көлемін ұлғайту жұмыстың қолданбалы маңыздылығын одан әрі күшейтер еді.</p> <p>Сонымен бірге аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығына, теориялық негізділігіне және практикалық құндылығына елеулі әсер етпейді және жалпы оң бағасын төмендетпейді.</p> |
| 12. | <p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар</p> | | |

| | | | |
|-----|---|--|--|
| | сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Курманғалиева Лязат Акбергеновнаның «Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және реттеу басымдықтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы 8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсынылады. |

Ресми рецензент,
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,
КеАҚ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті»
Экономика және халықаралық бизнес
кафедрасының қауымдастырылған
профессоры



Асанова М.К.

